А. Есжомов ватан
10.10.25

ШЖҚ КМК «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» Жамбыл облысы денсаулық сақтау басқармасының директоры Ж.Н. Сарыбековаға

НЕГІЗДЕМЕ

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу туралы

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау қажеттілігі атап өтілген. Президент мемлекеттік сатып алудағы басты өлшем ең төмен баға емес, сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің **сапасы** болуы тиіс екенін нақтылаған.

2022–2024 жылдар аралығында колледж тауарлар мен қызметтерді баға ұсыныстарын сұрату және ашық конкурс тәсілдерімен сатып алып келді. Дегенмен тәжірибе бұл тәсілдер бойынша таңдалған өнім берушілердің:

- шарт талаптарын жүйелі түрде бұзғанын;
- жеткізілген тауарлардың сапасыз болғанын;
- қызметтердің уақытылы әрі толық көрсетілмегенін көрсетті.

Аталған жосықсыз әрекеттердің салдарынан мемлекеттік сатып алу шарттары бұзылып, қайта сатып алу рәсімдерін жүргізуге тура келді. Бұл өз кезегінде:

- бюджет қаражатының игерілмеуіне;
- мерзімдердің созылуына;
- мемлекеттік мекеменің қызметтік міндеттерін уақытылы орындамауына әкелді.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес, егер біртекті тауарлардың жылдық құны айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен, ал біртекті жұмыстар мен қызметтердің жылдық құны бес жүз еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайда, мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасуға жол беріледі.

ШЖҚ «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» КМК мекемесіне материалдық құндылықтарды белгілеу, инвентаризациялау үшін штрих-кодтық лента (этикетка) сатып алу қажеттілігі туындады.

Аталған тауарларды алу үшін **«Dos» ЖК (00112600760)** шарт жасасу заңды әрі орынды болып табылады, өйткені:

- ұқсас тауарларды жеткізудің оң тәжірибесінің болуы;
- бәсекеге қабілетті бага және қоймада болуы;
- сапа сертификаттары мен кепілдік міндеттемелерінің болуы.

Осыған орай, штрих-кодтық лента жедел және дәл алу үшін, бюджет қаражатын тиімді пайдалану және көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету үшін **«Dos» ЖК (00112600760)** мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу қажетті деп есептейміз.

Орындаушы: мемлекеттік сатып алу менеджері - А.Ж.Ескожаева

10.10.2025 ж